

Г.Ж.Пірәлі¹, Г.А.Мукашева²

^{1,2}М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹piraliyeva58@mail.ru, ²come2gaukhar@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-4638-3970; ²0000-0002-8238-1972

С.КҮЗЕМБАЙДЫҢ ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Аңдатпа. Бұл мақалада көрнекті музыкатанушы, өнертану ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, МАИ академигі, ҚР білім беру ісінің үздігі, Қазақстан композиторлар Одағының мүшесі, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыкатану бөлімін басқарған және осы институтта 50 жыл еңбек еткен ардагер музыкатанушы Сара Әділгерейқызы Күзембайдың ғылыми теориялық зерттеулері, оның ішіндегі Мұхтар Әуезовке қатысты еңбектері арнайы қарастырылды. С.Күзембайдың ұлттық музыкатану саласының әртүрлі бағыттарын, музыкалық театрдың тарихы мен теориясын зерттеген көптеген еңбектерін бір шағын мақалада шолып шығудың өзі мүмкін еместігін ескеріліп, ізденістеріндегі Мұхтар Әуезовке қатысты мәселелер қамтылды. С.Ә.Күзембайдың отандық музыкатану саласына қосқан үлесі сараланады. Зерттеу барысында жүйелі, кешенді талдау әдістерімен қатар, сипаттамалық тәсіл қолданылды. С.Күзембайдың шығармашылық жолын айқындау мақсатында шет елдік ғалымдар – Т.Гафурбеков, Н.Янов-Яновская, М.Хамидова, К.Дюшалиев, Е.Трембовельскийдің және отандық зерттеушілер – А.Исмакова, Ү.Жұмақова, А.Райымқұлова, С.Ананьева, Г.Орда, Д.Жұмабекова, Т.Егінбаева еңбектерімен қатар, музыкатанушы С.Күзембайдың ғылыми мұрасы негізге алынды. Алайда өз мамандығына деген адалдықтың, өмірінің соңғы сәтіне дейін ерен еңбек етудің үздік үлгісін танытқан талантты тұлға Сара Әділгерейқызының артында қалған мол ғылыми мұраларын зерттеу алдағы уақыттың еншісінде екендігі сөзсіз.

Алғыс: Мақала AP19676609 «Жаңа гуманитарлық білімді қалыптастыру үдерісіндегі академиялық музыкатану ғылымы» атты жоба аясында әзірленді.

Кілт сөздер: музыкатанушы, ұстаз, ғалым, ғылыми мұра, Әуезов әлемі.

G.Zh.Pirali¹, G.A.Mukasheva²

^{1,2}M.O.Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹piraliyeva58@mail.ru, ²come2gaukhar@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-4638-3970; ²0000-0002-8238-1972

S.Kuzembay's contribution to domestic science

Abstract. In the article devoted to the creative heritage of the outstanding musicologist, doctor of art, professor, corresponding member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan Honored worker of Kazakhstan, laureate of the state prize after named Sh.Ualikhanov, academician of the International Academy of Informatization, excellent of national education of Kazakhstan, member of the Union of composers of Kazakhstan, head of the department of musicology of the M.O.Auezov Institute of Literature and Art, Sara Adilgereevna Kuzembay, who has worked at this institute for 50 years, presenting her scientific-theoretical studies, the author focuses on those related to the name of Mukhtar Auezov. It is important to note that many works of S.Kuzembay, who studied various directions of national musicology, history and theory of musical theatre, cannot be covered in a small article. The research used a descriptive approach together with the

methods of systemic, complex analysis. In order to clarify its creative path in science along with the works of foreign scientists – T.Gafurbekova, N.Yanov-Yanovskaya, M.Khamidova, K.Dyushaliyev, E.Trembowelski and national researchers – A.Ismakova, U.Zhumakova, A.Raiymkulova, S.Ananyeva, G.Orda, D.Zhumabekova, T.Eginbaeva – the scientific heritage of the musicologist S.Kuzembay was used as a basis. There is no doubt that the study of the rich scientific heritage of Sara Adilgereevna, a talented person who gave the brightest example of devotion to her profession, selfless work until the last moment of her life, should be continued. The scientific heritage of the musicologist S.Kuzembay was used as a basis.

Acknowledgments: Prepared under the project AP19676609 “Academic musicology in the process of forming a new humanitarian knowledge”.

Keywords: musicologist, teacher, scientist, scientific heritage, Auezov’s world.

Г.Ж.Пирали¹, Г.А.Мукашева²

^{1,2}Институт литературы и искусства имени М.О.Ауэзова, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹piraliev58@mail.ru, ²come2gaukhar@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-4638-3970; ²0000-0002-8238-1972

Вклад С.Кузембай в отечественную науку

Аннотация. В статье, посвященной творческому наследию выдающегося музыковеда, доктора искусствоведения, профессора, Заслуженного деятеля Республики Казахстан, лауреата премии им.Ш.Уалиханова, академika МАИ, отличника образования РК, члена Союза композиторов Казахстана, заведующей отделом музыковедения Института литературы и искусства им.М.О.Ауэзова, 50 лет проработавшей в этом институте Кузембай Сары Адильгереевны, представляя ее научно-теоретические исследования, автор акцентирует внимание на тех, что связаны с именем Мухтара Ауэзова. Важно отметить при этом, что многие труды С.Кузембай, изучавшей различные направления национальной музыковедческой сферы, историю и теорию музыкального театра, невозможно охватить в одной небольшой статье. Проанализирован вклад С.А.Кузембая в отечественное музыковедение. В ходе исследования наряду с методами системного, комплексного анализа использован описательный подход. С целью уточнения ее творческого пути в науке наряду с трудами зарубежных ученых – Т.Гафурбекова, Н.Янов-Яновской, М.Хамидовой, К.Дюшалиева, Е.Трембовельской и отечественных исследователей – А.Исмаковой, У.Жумаковой, А.Райымкуловой, С.Ананьевой, Г.Орда, Д.Жумабековой, Т.Егинбаевой – за основу взято научное наследие музыковеда С.Кузембай. Несомненно, что изучение богатого научного наследия Сары Адильгереевны, талантливой личности, показавшей ярчайший пример преданности своей профессии, самоотверженного труда до последнего момента своей жизни, должно быть продолжено.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках проекта AP19676609 «Академическое музыковедение в процессе формирования нового гуманитарного знания».

Ключевые слова: музыковед, педагог, ученый, научное наследие, мир Ауэзова.

1. Кіріспе

Бүкіл өмірін қазақ халқының өнерін зерттеп, әлемге танытуға арнаған музыкатану саласының көрнекті өкілі, өнер қайраткері Сара Әділгерейқызы Күзембайдың есімі елі үшін қымбат әрі қадірлі. Біз Сара Әділгерейқызының ұлттық музыкатану ғылымына сіңірген еңбектері атап өткеннің өзінде оған көз жеткізе аламыз. Қазақстан музыкатану ғылымы мен білім беру саласына бүкіл саналы өмірін арнаған С.Күзембайдың басты ғылыми бағыты қазақтың көне музыкасы, эпикалық дәстүрі, опералары, өзге де ұлттық өнердің кәсіби жанрларының тарихы мен теориялық мәселелері болды. Қазақ музыка мәдениетінің әлемдік өркениет өрісінде өркендеп дамуына зор үлес қосқан Сара Әділгерейқызы Күзембай Қазақстан Республикасының

еңбек сіңірген қайраткері, көрнекті музыкатанушы ғалым, өнертану ғылымының докторы, профессор, Шоқан Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, МАИ академигі, ҚР білім беру ісінің үздігі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Қазақстан Композиторлар Одағының мүшесі.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеуші-ғалым Сара Күзембайдың өмірі мен ғылыми шығармашылығына арналған зерттеу оның еңбектеріндегідей пәнаралық салаларды қамтитын ізденістерді талап етті. Бұл ретте ғалымның еңбектерін талдау барысында жүйелі әдіс қолданылған болса, нақты мәселенің байыбына барып, жан-жақты қыр-сырын анықтау үшін сипаттамалық тәсілдер қолданылды. Нысан ретінде назарға алынған С.Күзембайдың еңбегіндегі Әуезовтің әлемін айшықтау мақсатында музыкатану мен филология ғылымдарының тоғысында кешенді талдау әдісі пайдаланылды.

2.2 Материалға сипаттама

Қазақ ұлттық ғылым академиясындағы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыкатану бөлімінің академигі Ахмет Жұбанов пен Академияның мүше-корреспонденті Борис Григорьевич Ерзаковичтен кейін басқарған тұңғыш қазақ қызы болуының өзі де оның кәсіби білімінің өресі биіктігін байқатқан.

Ғалым Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор қызметін атқарған жылдары мен өзге де өнер ордаларында дәріс беріп, ұлттық музыкатану саласындағы мамандарды даярлауда да бағалы еңбек етті. Сара Күзембайдың ұлттық музыкалық өнерімізді әлемдік рухани кеңістікте кеңінен танытқан ғылыми теориялық зерттеулері әрдайым жоғары бағаланғаны белгілі. Бұл пікірді Израиль елінің көрнекті ғалымы, өнертану ғылымының докторы, профессор Марк Рувимович Копытманның «Об известном ученом-музыковеде Саре Кузембай» деген мақаласындағы: «...Ее прекрасное звание изнутри традиций своего народа, дополненное высокопрофессиональным музыковедческим образованием, позволяет ей выйти на масштабную и сложную проблематику и аргументированно решить. Это стало основой ее открытия в науке. С.Кузембай свои идеи о конвергентности фольклора оперным закономерностям далее доказывает на примере композиторского творчества XX века. Охвачены фактически все музыкально-сценические произведения периода формирования и становления оперного искусства в Казахстане.

В научных рассуждениях автора чувствуется зрелый подход сложившегося музыковеда-профессионала...», – деген жоғары баға дәлелдесе керек (Копытман, 2012: 28).

Сара Күзембайдың ғылыми шығармашылығына әріптес ғалымдар назар аударғандығын көруге болады. Солардың қатарында көрші мемлекеттердегі әріптестері Т.Гафурбеков, Н.Янов-Яновская, М.Хамидова, К.Дюшалиев, Е.Трембовельский және т.б. мақалаларында ғалымның кәсіби деңгейдегі жоғары бағасын алғаны айқындалады. Ал отандық ғалымдар – А.Ісмақова, Ү.Жұмақова, А.Райымқұлова, С.Ананьева, Г.Орда, Д.Жұмабекова, Т.Егінбаева және т.б. оның ұстаз, ғалым, адами қасиеттерін зерделеп жазған (Әсемдікті әспеттеу – мәңгілік рухани құндылық, 2022).

Расында да Сара Күзембайдың ұлттық операның генезисін, түпкі тамырын төл тарихымыздан таратып, оның эпикалық дәстүрін фольклорлық мұраларымызбен байланыстыра зерттеп, зерделеуі оның шын мәніндегі кәсібилігі мен ұлтжандылығын танытса керек. Бұл бағыттағы батыл да бағалы ғылыми ойлары, кең масштабты мағыналы да мазмұнды еңбектері ұлттық музыкатану ғылымында бұрындары арнайы зерттелмеген ракурстарды табуға, сүре салынбаған салаларын саралауға соны серпін бергенін байқатады. Әсіресе осы бағытты нысан еткен зерттеушіні Мұхтар Әуезовтің ұлттық фольклор, көне әдеби мұралар, қазақтың салт-дәстүрі негізінде өмірге келген өнер туындыларына қатысты құнды ғылыми пікірлері қызықтырып, ізденісіне жол ашқандай. Оған зерттеушінің «Мухтар Ауэзов и духовная культура», «Наличие оперных закономерностей в песенном творчестве Абая», «М.О.Ауэзов и музыкальное искусство Казахстана. Опера А.Жубанова и Л.Д.Хамиди “Абай”» деген іргелі зерттеулері дәлел бола алады.

С.Күзембайдың «Национальные художественные традиции и их конвергентность в жанре казахской оперы» деген докторлық диссертациясында көтерілген күрделі ғылыми мәселелер М.Әуезовтің шығармашылығымен тікелей байланыста жазылғандығын көрсетеді. Осы зерттеу жөнінде Ресей Федерациясының еңбек сіңірген қайраткері, Воронеж өнер Академиясының кафедра меңгерушісі, өнертанушы ғалым Е.Трембовельский: «...С полным основанием считаю, что масштабный труд «Национальные художественные традиции и их конвергентность в жанре казахской оперы» – новаторское явление в истории казахстанского музыковедения. Зрелый, состоявшийся ученый выдвигает новую научную концепцию об истоках оперности из фольклора. Данная работа выполнена на стыке нескольких наук – музыковедения, филологии, лингвистики и театроведения. Народные художественные традиции, изучению которых посвящено данное исследование составили фундаментальную основу современному национальному музыкальному искусству, в частности, жанру оперы и определили перспективы для дальнейшего их претворения в новых сочинениях композиторов Казахстана...»

В своих суждениях она опирается на идею, выведенную этнографом, который трактовал жанры музыкального фольклора как готовые оперные номера – арии, ариозо, каватины, дуэты и т.д. Развивая ее профессор Кузембай С.А., в этом плане выступает новатором. Рассматривая жанры устно-поэтического творчества обстоятельно, глубоко и многоаспектно, она раскрывает их конвергентность в национальной опере», – деп бағалайды (Трембовельский, 2012: 30). Сара Күзембайдың аталған монографиясында қазақ руханиятындағы ауызекі поэтикалық және музыкалық шығармашылығынан өзек тартқан опера өнерінің негіздері, әншіліктің ұлттық дәстүрі, фольклорлық мұралардың өзіндік ерекшеліктері, жанрлық табиғаты, атап айтқанда ертегі, жұмбақ өлең, айтыс, беташар, жоқтау, тарихи ән, баға сөз, шешендік сөз, билер айтысы, т.б. музыкалық-поэтикалық әдеби үлгілері отандық музыкатану ғылымының тарихында тұңғыш рет қарастырылған.

Ұлттық құндылықтарды сақтау жұмысында қызмет атқарған С.Күзембайдың еңбегі орасан. Бұл туралы шет елдік басылымда жарық көрген мақаладан келесі жолдарды келтіруге болады: «Today the task of Kazakh culture is to preserve traditional

heritage. Kazakhstan musicology is represented by the works of musicologists that are affecting this topic: Amanzholova B.T., Aravin P.V., Baikadamov B., Dyusenbina G.K., Yezakovich B.G., Zhubanov A.K., Karakulova B.I., Ketegenova N.S., Kuzembaeva S.A., Utegalieva S.I. and others» (Khasyanova, 2016: 78)

3. Талқылау

Сара Әділгерейқызы Күзембайдың қазақтың дәстүрлі және қазіргі кезеңдегі музыкалық өнерінің қалыптасуы мен даму жолдары, оның жанрларының теориялық қырлары мен өсу деңгейі жөніндегі ғылыми зерттеу жұмыстары ұлттық өнерді өркендетуде өзіндік бағасын алып келеді.

«Ұстаздың биігі ойлана қарасаң, биіктей береді, үңіле қарасаң, тереңдей береді, айналсаң, артыңда тұрғандай», – деп ұлы грек ойшылы Сократ айтқандай, бүкіл бір ұрпақтың, бір толқын таланттың ұстазы бола білген Сара Әділгерейқызының ұстаздық ұлағатын ұғына түссең биіктей, беретініне, ғалымдық ғұмырына үңіле түссең, тереңдей беретініне, ұлттық музыкатану өнеріндегі өзіндік орнын анықтай түссең, оның тұлғасы даралана түсетініне куә боласыз (Пірәлиева, 2017: 397).

Бұл, әрине, өнер мен өмірді өз тағдырына теліп, тұтасып кеткен тұлға үшін таптырмас бақыт. Өзінің бүкіл саналы ғұмырын, жаратылыс сыйлаған таланты мен білім-парасат байлығын ел игілігіне арнаған адам баласы үшін бейнеттің зейнетін көргеннен артық арман болушы ма еді бұл жалғанда?! Мен Сара Әділгерейқызының ғалымдық ғұмырына зер салған сайын оның музыкатану саласындағы «тұңғыштар тізімінен табылып», көшбастаушының санатында жүргеніне кезігемін. Сондайда: «апыр-ай, алтынның қолда бар да қадірі жоқ» деген даналық осыны меңзей ме екен деген ойға да қаласың. Атап айтар болсақ, ол қазақтың халық және кәсіби музыка материалы негізінде мамандық бойынша алғаш жазылған (1967) «Сольфеджио» деген оқу құралының авторы. 1977 жылы оның ғылыми ізденісі нәтижесінде қазақ музыка білімінің (музыказнание) әуенді фольклордың (предпосылки гармонического многоголосья в музыкальном фольклоре) гармониялы көп дауысты үндестігінің ғылыми негізі тұңғыш рет қаланды. Сондай-ақ Сара Әділгерейқызы алғаш рет Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театры жөнінде «Воспеть прекрасное» атты очерктер жинағын жарыққа шығарды.

С.Ә.Күзембайдың белсенді атсалысуымен кеңестік кезеңде алғаш рет көптеген Бүкілодақтық музыкалық және мәдениеттанулық (культурологические) энциклопедиялар құрастырылып, жарыққа шыға бастады.

Сара Әділгерейқызының ғылыми жетекшілігімен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы негізінде М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында жүргізілген ғылыми жоба бойынша тұңғыш рет 8 кітаптан тұратын 5 томдық «Қазақ музыкасының антологиясы» атты іргелі зерттеуі мен қазақ мәдениеті тарихында бұрын-соңды болмаған рухани құбылыс – ұлттық опера өнерінің энциклопедиясы санатындағы «Казахские оперы» және «Қазақ операсы» деген қазақ және орыс тілдерінде жазылған екі кітап жарық көрді. Міне, мұның бәрі нені меңзейді? Ғалымның текке өмір сүрмегенін, үлкен өнер маманының көзі тірісінде-ақ өзінің кісілігі мен киелі өнерді насихаттап, зерттеу арқылы келешек ұрпақ алдындағы парызын өтегенін жауапкершілікпен сезінгенін танытады.

С.Күзембайдың ұлттық фольклорлық мұралардың негізінде бүгінгі профессионалды, биік интеллектуалды өнер – операның қалыптасып, орнығуындағы өзіндік орны туралы орынды пікірлері М.Әуезовтің зерттеулерін зерделеу барысында туындаған ғылыми теориялық тұжырымдар екендігі жасырын емес. Қалай болғанда да төл өнеріміздің өзекті мәселелері мен тарихын түгендеп, бір жүйеге түсіріп берген іргелі екі еңбек те келешек ұрпаққа ұялмай ұсынатын құнды дүние.

Бүгінгі қазақ операсы – ұлттың рухани жаңғыруын, жетістігін, өркениетін көрсететін өнер. Халық мәдениеті мен салт-дәстүрінің, ұлт өнерінің ғасырларға жетер фольклорлық мұрасы екендігін үнемі өзінің ғылыми зерттеу еңбектерінде ұстаным еткен зерттеуші Сара Күзембай ұлы суреткер М.Әуезовтің көне әдеби жәдігерлер, фольклорлық жанрлар, т.б. жөніндегі ғылыми пікірлеріне көп жүгінген.

М.Әуезов шын мәнінде кәсіби музыкатанушы, өнертанушы ғалым болмаса да, бүкіл ұлттық өнер саласының өзекті мәселелерін өзінің ғылыми, публицистикалық, тіпті көркем шығармаларында да басты мәселе ретінде қарап, келелі ой айтып, көсегесін көгертіп, рухани кеңістігін кеңейткені, іргесін қалап, негізін салып бергені белгілі. Өйткені өзге өркениетті халықтар секілді зәулім сарайлар, айдарынан жел ескен ажарлы архитектуралық нысандар салмаса да, сан ғасырлар бойы санасынан сызылмай, ел есінен кетпейтін көркем ой, көрікті тіл, әсем әуен, шер толқытқан шертпе күйлер тудырған табиғатынан талантты қазақтың бай әдеби мұрасы, өлмес, өшпес сөз өнері барлығын өнеге еткен дарын иесі Мұхтар Әуезовтің дана ойлары дәлелсіз емес еді. Ұлы дала өркениеті осы бүгінге дейін әлемдік рухани кеңістікке кеңінен еніп, барлық өнер саласының көшбастаушысы болып келе жатқаны да көпшілікке аян. Ұлттық музыкатану ғылымында алғаш рет арнайы ғылыми мәселе болып зерттелген Сара Күзембай еңбектеріндегі қазақ операсының тарихы мен ғылыми теориялық тұжырымдары, профессионалдық даму мен қалыптасудың шығармашылық процестері, бүгінде әлемдік деңгейге жеткен Абай атындағы опера және балет театрының шығармашылық жетістіктері, сөз жоқ, ұлттық құндылыққа қосылған үлкен үлес.

Ұлттық опера өнерінің дүниеге келіп, қалыптасуына халықтың бай музыкалық мұрасы мен әншілік өнері бастау болғаны алғаш М.Әуезовтің көркем сөздері мен ғылыми зерттеулерінде сөз болып, теориялық тұрғыдан тұжырымдалса, ол ойларды Сара Күзембай музыкатану ғылымында профессионалдық тұрғыдан талдап, ғылыми айналымға енгізді. Бұл бағыттағы іргелі ізденістері ұлттық өнеріміздің тарихын түгендеп, бір ізге түсіруге түрткі болды.

Осы орайда С.Күзембайдың «Национальные художественные традиции и их конвергентность в жанре казахской оперы» (Күзембай, 2006: 380) деген еңбегіндегі «М.О.Ауэзов и музыкальное искусство Казахстана. Опера А.Жубанова и Л.Хамиди «Абай» деген зерттеуін ерекше атап өтуге болады. Әуезовтің ұлттық өнер саласындағы көркем туындылары жанр-жанр бойынша саралай талданған бұл еңбекте қазақ өнерінің көшбасында тұрып, оның әр саласының кәсіби тұрғыдан қалыптасып, дамуына өлшеусіз үлес қосқан даңқты драматург, көрнекті суреткер, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтің өнер өлкесіндегі өлмес мұралары, атап айтқанда, драма театрындағы «Қарагөз», «Абай», «Еңлік-Кебек», «Қарақыпшақ Қобыланды»,

музыкалық театрдағы балеті – «Қалқаман Мамыр», музыкалық комедиясы – «Айман-Шолпан», опералары – «Абай», «Бекет», «Төлеген Токтаров» және «Еңлік-Кебек», кино өнеріндегі – «Көксерек», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Абай әндері» атты атақты туындылары талданып, кәсіби тұрғыдан жоғары баға берілген (Күзембай, 2006: 245).

Қазақ руханиятының қай саласының да профессионалдық үлгіде қалыптасуы мен дамуы М.Әуезовтің есімімен тығыз байланысты екендігі расында да елге жақсы таныс. Қазақтың ұлттық музыка өнерінің дүниеге келуіне де көрнекті суреткер М.Әуезовтің себепкер болғаны жөнінде театртанушы ғалым Бағыбек Құндақбаев «Мұхтар Әуезов және ұлттық өнер» деген мақаласында жан-жақты ақпарат береді. М.Әуезовтің 1914 жылы Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына байланысты өткізілген әдеби-этнографиялық музыкалық кешіне ұлы ақын туралы тұңғыш ресми сөзді осында естігені, сонымен бірге ауылдағы түрлі жиындарда, ас пен тойларда, жәрмеңкелерде ғана айтылатын Абай өлеңдері мен әндерін Әлмағамбет Қапсәләмов, Мұқа Әділханұлы, Қали Бекбергенов, Қайықбай Айнағұлов сияқты сол кездегі белгілі өнерпаздардың орындауында сахнадан тыңдағаны жөнінде көптеген тың мәліметтер бере келіп: «...Түптеп келгенде бұл ұлы ақын шығармаларының Еуропа үлгісіндегі концертте тұңғыш орындалуы. Мұнан кейінгі жылдардағы ойын-сауық кештерін Ж.Аймауытов пен М.Әуезов әлгі әнші-күйшілердің қатынасуымен үнемі ұйымдастырып отырған», – дейді (Құндақбаев, 1997: 239). Семейдегі бес класты училищеде оқып жүрген кезінен бастап сондағы түрлі ойын-сауықтар мен түрлі театр кештерін көріп өскен, дана жерлесі Абайдың өзіне сәби кезінен таныс әндерін естіп, елге таратуда, кейін нотаға түсіруге бірден-бір дәнекер болған да М.Әуезов екені мәлім.

Қазақ мәдениетіндегі ұлттық музыка мұраларын да ел арасынан жинастыруға белсене атсалысқан зиялы қауым қатарында Мұхтар Әуезов те Абай әндерін нотаға түсіртіп, тарихта қалдыруда қажырлы еңбек еткен. Осы салада жан-жақты шығармашылық ізденістер жасаған М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» комедиясымен қазақ драма театрының жанындағы музыкалық студиядан бастау алған тұңғыш музыкалық театр 1934 жылдың 30 қаңтарында шымылдығын ашуы да мәдениетіміздегі рухани құбылыс болған тарихи факт. М.Әуезовтің өмірінің соңына дейін ұлттық опералық өнердің дамуына, оның әдеби-негізі – либреттоның жазылып, шеберленуіне де, оның көркемдік әлемінің өсуіне, музыкалық болмысының биіктеуіне ірі шығармашылық тұлға ретінде профессионалдық пікір-кеңестерімен араласқаны жөнінде де зерттеуші ғылыми деректерді молынан пайдаланады. Мұхтар Әуезовтің 1944 жылы ақынның тамаша әншілік-музыкалық мұрасын пайдаланып, «Абай» операсының либреттосын жазып, композиторлар А.Жұбанов, Л.Хамидимен бірге ұлы ақын жайлы күрделі музыкалық шығарманың дүниеге келуіне елеулі еңбек еткенін, бұл туындының ұлттық музыкатану саласында ірі үлгідегі сахналық-музыкалық шығарма болғаны да ғылыми негізде теориялық тұрғыдан талданады. Мұндағы ғылыми пікірлер профессор С.Ә.Күзембайдың жетекшілігімен жарық көрген «Казахские оперы», «Қазақ опералары» (2010) атты опералық өнердің энциклопедиясы атанған іргелі зерттеулерінде де орын алған.

М.Әуезовтің «Абай жолы» романының тұсау кесері тұңғыш тарауының «Татьянаның сахарадағы әні» деп аталуының өзі автор мен кейіпкердің ән өнеріне

деген өлшеусіз махаббатын мәлімдесе керек. Абайдың жекелеген әндерінің дүниеге келу тарихы мен оны шебер орындап, ел арасына таратушылары арқылы дүниеге келген өнер ордасы, музыка мектебі, әдеби орта туралы талай сырлар шерткен эпопеядағы эпизодтар, тіпті туынды тұтастығын ұстап тұрған көркемдік құбылыстар да С.Күзембайдың еңбектерінде егжей-тегжейлі талданған. Әлемге танымал «Абай жолы» эпопеясындағы ақын өмірімен өзектес өрбіген тарихи шындық көркемдік кеңістігінде көрініс тапса, М.Әуезов өз тіршілігінде Абай әндерінің ерекшеліктері, қай әндерін кімдер нотаға түсіргені, ұлы ақынның ән әлеміндегі бар қыры мен сырын, ол қалыптастырған әдеби ортаның, өнер ордасының тарихы туралы табанды ізденіс жүргізгені, мүмкіндігінше тапқан табыстарын кәсіби мамандарға, композиторларға табыстап отыруды өзінің тікелей міндеті, парызы санаған. М.Әуезовтің Абайды танытудағы жанкешті еңбегі, қайталанбас қолтаңбасы, энциклопедиялық білімі, т.б. сөз жоқ қазақ руханияты үшін таусылмас қазына, бағасы жоғалмайтын құндылықтар. Сара Әділгерейқызының зерттеулеріндегі Мұхтар Әуезовтің ән, әуен, музыка әлеміндегі орны, ерекшелігі, табыстары жөніндегі талдаулары тың деректерге бай. Бір ғана «Абай жолы» роман эпопеясындағы Абай Құнанбаевтың «Әнді сүйсең, менше сүй» деген ұстанымы негізінде өрбіген небір философиялық ойлары, ұлттық ән өнері турасындағы толғақты толғамдары, көркем кестелері, ақын айналасындағы өнерпаз тұлғалар тағдырындағы қилы оқиғалар өрісінде өрбіген көркемдік әлемі Сара Күзембайдың музыкатану ғылымының бүгінгі өзекті мәселелерімен тығыз байланыста профессионалдық деңгейде ғылыми теориялық тұрғыдан талданған.

Бұл тақырып арнайы зерттеуді қажет ететін күрделі мәселе. Осы ретте ескерер бір жәйт – музыкатанушы ғалым Жанат Ордалиеваның «Мир музыки в романе «Путь Абая» деген зерттеуінде де осы мәселе қозғалған (Ордалиева, 1997: 299).

Ғылымның жолын жалғастырып отырған ізбасарлары бұл тақырыпты әлемдік деңгейде насихаттау барысында шет елдік жарияланымдарға М.О.Әуезовтің музыкаға қосқан үлесіне арнап мақала шығарғандығы аңғарылады. Мұнда М.О.Әуезовтің музыкалық өнердің дамуында да бір дәуірді бейнелейтін, бірақ оның сан алуан бағыттары, аса маңызды тұғырлары, өзіне тән белгілері қажетті деңгейде зерттелмегендігі туралы: «М.О. Auevov's work represents an epoch in musical art development; but its diverse directions, the most important benchmarks, and characteristic features have not been studied to the necessary extent. Their subsequent study is connected, in our opinion, with comprehension, first of all, of national-specific and deeply personal manifestations» (Omarova, Kaztuganova, Sultanova, Tatkenova, Kdynriyazova, 2020:2) – деп берілген.

Музыкатану ғылымында М.Әуезов тақырыбы кеңінен етек жайып, іргелі ізденістерге негіз болып жатқандығы аңғарылады. Бұл ретте А.Омарованың: «М.О.Әуезовтің шығармашылық мұрасы және өзін-өзі тану мәселелері» атты мақаласының шеңберінде жазушының музыкалық мәдениеттегі орны белгіленген (Омарова, 2023).

Ақиқатында, «Ән – өмір шежіресі, өмірдің сәулесі, музыка мектебінің негізі, кереге тасы, халықтың игілігі мен ақыл-парасаты» (А.Толстой). Қайбір ұлтты тану үшін, оның ой-парасатының парқын пайымдау үшін өнеріне көз салмай ма? Сондықтан да

шығыс ойшылы Назым Хикмет «адамның жан-дүниесін ақтару үшін оған ән айтқызу керек» демей ме? Ұлтымыздың ұлы қасиеттерін зерттегісі келген, жан-дүниесіндегі құпия сырларды ақтаруды армандаған сырткөз сыншылар, саяхатшы-саясаткерлер, ғалымдар, т.б. «...бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай» деп тамсанды емес пе? (Г.Н.Потанин). Яғни дала ән салса қазақтың жаны таза, жүрегі ақ, пейілі кең, көңілі дарқан деген сөз, оның көңілінде кірбің, өзгеге өшпендік жоқ, таза, адал болғаны да.

Міне, осындай киелі өнерді зерттеп жүрген өнертану ғылымының докторы, профессор, Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер, ұлттық мәдениетіміздің көп салалы тарихи-теориялық мәселелерін қамтитын көптеген еңбектердің авторы Сара Әділгерейқызы қазақ музыка мектебінің негізін қалап жүрген бірден-бір маман. Оның қазақтың дәстүрлі және қазіргі кезеңдегі музыкалық өнері жөніндегі ғылыми зерттеу жұмыстары сөз жоқ рухани мұрамызға қосылған құнды қазына. Бүкіл музыка өнерінің архитектурасы (біртұтас құрылымы) мен әндете баяндаудың (речитатив) қыр-сырын табанды әрі жүйелі зерттеп жүрген ғалым 200-ден астам ғылыми мақалалардың авторы. «Қандай музыка жасасам да – ол қазақша болып шығады», – деп қазақ музыка мәдениетінің майталманы, көрнекті композитор Евгений Григоревич Брусиловский айтқандай, С.Күзембай қай тілде жазса да (ол орыс тілді маман Г.П.) жазғаны да, жүрегі де қазақша болып шығады.

4. Зерттеу нәтижесі

Айталық, өзінің ұзақ жылғы шығармашылық әрі ғылыми ізденісінің жемісі болған «Национальные художественные традиции и их конвергентность в жанре казахской оперы» (Кузембай, 2006) атты монографиясында ежелден келе жатқан қазақ руханиятындағы шағын жанрлар түрлері – ертегі, жұмбақтар, бата, т.б. музыкалық фольклор мен ауызша-поэтикалық сөз өнерінің сахналық жанрдағы көріністерімен байланыс заңдылығы алғаш рет айқындалып, олардың архитектурасы, драмалық коллизиялары мен оның даму барысы ғылыми айналымға түсті. Тұңғыш рет опералық категориялардың фольклорлық негіздері қазақ мәтінінде нақтыланып, ғылыми-теориялық тұрғыдан тұжырымдалды. Зерттеу орыс тілінде жазылғанымен, автор бала кезінен жүрегімен тыңдап, санасына сіңіріп өскен халық өнерінің табиғатын терең тани отырып, оның бүгінгі операмен генетикалық байланысын көркемдік дәстүр мен жаңашылдық категориялары арқылы талдайды. Қазақ халқының сан ғасырлық тарихында туып, қалыптасып, дамып келе жатқан музыка өнері (оның уақыт сынына өтпей қалғандары қаншама? Г.П.) монографияда бірінші рет жалпы қоғамдағы тарихи-әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылып, композиторлық шығармашылықтың жаңа түрлері, музыкалық-сахналық туындылар (опера, балет), вокалды-оркестрлік, камералық-аспаптық шығармалар және хор музыкалары, т.б. категорияларды құрайтын қазіргі мәдениеттің ірі компоненттерінің қалыптасып, дамуына дәнекер болуы дәйектеледі. Атақты академик, көрнекті ғалым Б.В.Асафьев ғылымға енгізген «оперность» деген ұғымның фольклордың ірі және шағын түрлеріндегі қызметі тұңғыш рет қазақша мәтіндер негізінде арнайы қарастырылып, еуропалық опера мен оның конвергенттік белгісі – композициялық, тақырыптық, драматургиялық ұстанымдары мен жанрлық, түрлендірушілік құбылыстары зерттеледі. Музыкатанудағы ең күрделі де өзекті мәселелер монографияның екі тарауында жан-жақты қарастырылады.

Біріншіден, мұнда қазақ музыкалық-поэтикалық шығармашылықтың әр алуан жанрлық түрлеріндегі – ертегілерде, жұмбақ өлең, бата сөз, т.б. – опералық идея көрініс табады. Бұл ретте «Бата» жанрына ғалым ерекше назар аударып әлемдік деңгейде насихаттау мәселесін қолға алған (Kuzembay, 2016).

Операның тамыры өскелең өмірге бейімделген халық әндері мен аспапты күйлерінде, ұжымдық хормен орындаушылық мәнерде, тұрмыстағы музыкалы-поэтикалық театрланған элементтерде, шешендік өнердің диалогтық түрінде жатқандығын байқаймыз. Сондай-ақ ұлт мәдениетінің ежелгі фольклорлық музыкасы – Сарында опералық белгінің барлығын ашу ерекше қызуғушылық тудырады. Еңбекте оның бірнеше түрлері – жай сарындар, бақсы сарындары, ақындар сарындары, лирикалық сарындар деп классификацияланады. Бұрындары тек сөз өнерінде ғана қарастырылатын аталған фольклорлық жанрлар, оның түрлері бұл еңбекте музыкатану ғылымы тұрғысынан тұңғыш рет халық мәдениеті контекстінде қарастырылып, музыкалы-поэтикалық, стилдік қасиеттері талданады. Ал «Конвергентные черты жанра оперы в казахском эпосе» деген тарауда эпикалық мәдениеттегі опералық белгілер туралы ғылыми ойлар айтылып, олар нақты мәтіндер арқылы дәлелденді. («Вступление в эпосе – Пролог в опере», «Заключение в эпосе – Эпилог в опере», Монолог – Ария, Диалог – Дуэт). Қазақ өнерінде алғаш рет ғылыми айналымға еніп отырған опералық драматургия – әрбір өнер туындысына тән шығармашылық заңдылықты сақтай отырып, өзіндік өрнегін танытады, яғни онда да эпикалық шығарма композициясы-сюжеттік желінің дамуы, шарықтау шегінің моменттері – (завязка; развязка – драмалық коллизияның шешілуі, т.б.) жүзеге асырылады.

Осы монографияда автор қазақ әдебиеті мен өнеріне 174 өлең, 67 аударма, 45 қара сөз қалдырған ұлы ақын, композитор, ойшыл, аудармашы, ағартушы Абай Құнанбаевтың музыкалық мұрасына кеңінен тоқталып, музыкалық шығармаларға жаңа ырғақ, тың әуен, соны сарын енгізілгенін маман ретінде талдап, танытады. Абай – халықтық музыка қорын ырғақтық ән өнерімен байыта отырып, жаңалық із салды. Ақынның 60 өлеңінде 80 рет пайдаланылған: «жылы жүрек, нұрлы ақыл, ыстық қайрат» деген үштік концепциясындағы жүрекпен жазылып, жүрекке жеткен әннің «естісі бар, есері бар» екендігін ең әуелі қазаққа ұқтырған-ды. Қазақ музыка мәдениетінің көркемдік қуатын дамытқан дара тұлға Абай алуан нұсқадағы 60-тан астам шығармасы бұл жанрдың жаңа көкжиектерін ашып, жетілуіне мүмкіндіктер берді, музыкалық тілді байытып, көркемдік-стилдік бағытын байытты. Абайдың А.Пушкиннен аударған «Евгений Онегин» атты поэмасы опералық туындының жарқын көрінісі ретінде зерттеуде арнайы нақты көркем мәтін негізінде талданады. Өз заманының рухани-эстетикалық сұранысына сай жазылған туындыны бұрындары музыкалық театрға барып көрмеген ақынның опера жанрына сәйкес жазып, «Онегиннің сөзі», «Татьянаның хаты», («Амал жоқ»), «Ленскийдің сөзі», «Онегиннің өлердегі сөзі» деген бірнеше музыкалық қойылыммен көрсетілген шығарма опералық драматургияның ішкі заңдылықтары мен мүмкіндерін толықтай сақтап, жоғары дәрежеде жазылғанын зерттеуші ғылыми тұрғыдан дәлелдейді. Бұл туралы келесі деректерді келтіреміз: «The creative work of the great Abai Kunanbayev, a Kazakh philosopher, poet, enlightener, translator of A.S. Pushkin, the author of the songs

included in the "golden fund" of national musical culture can serve as a bright example» (Kaztuganova, Omarova, Kasimova, Turmagambetova, Kuzembay, 2019: 93).

Сондай-ақ, осы еңбекте қазақ мәдениеті мен музыка өнерін зерттеп, жүйелеп, жариялап, жарыққа шығарып, насихаттауда теңдессіз адал қызмет еткен көрнекті фольклорист-этнограф, ҚазССР-нің халық артисі Александр Викторович Затаевичтің (1869-1936) музыкалық-этнографиялық құнды мұралары ерекше құрметпен аталып, жан-жақты зерттеледі. Ғалым аса талантты фольклористтің «1000» және «500» деген этнографиялық жинағында қазақ ауыз әдебиетінің жоғары эстетикалық деңгейі мен сұлулығына аса тәнті болғандығын, тарихымызда тұңғыш рет ария, ариозо, дуэт, оркестрлік эпизодтар, т.б. сынды опералық категориялардың бар екендігін анықтап, оларды батыс еуропалық кәсіби опералармен салыстырады.

Монографияның «Устно-поэтическое и музыкальное творчество казахского народа» деген бірінші бөліміндегі төрт тараушада ежелгі фольклорлық музыка жүйесіндегі сарынның теориялық анықтамасын нақтылап, оның жанрлық сипатына, көркемдік, стилдік ерекшеліктеріне сипаттама бере келіп, «1. Бақсы сарыны, 2. отбасы-тұрмыстық сарын, 3. авторлық сарын», – деп үш топқа бөліп, жіктейді. Бұл да зерттеушінің музыкатану ғылымына енгізген тың ғылыми-теориялық тұжырымдары мен жүйелеудегі жаңалығы екендігі сөзсіз. Осы еңбекте алғаш рет ноталық жазбаға түскен 15 сарынды А.В.Затаевичтің мәдени айналымға ендіргенін ерекше атап өтеді. Ғалым Александр Затаевичтің өткен ғасырдың 20-шы жылдарында қазақ даласын әнге бөлеген 500 адамнан 2300 ән мен күй жазып алғанын, төл музыкатануымызда тұңғыш рет симфонизм мен опералық қасиеттің құнарлы бастауы бар екендігін білгір маман әрі өзге ұлт өкілі ретінде мойындап, бағалағаны мәлім. Ол қазақ фольклорында еуропалық – ария, ариозо, дуэт, трио, квинтет, көпдауысты хор, т.б. мектебінің белгілерін байқаған. Бұл туралы: «Zatayevich, a prominent Kazakh folklorist is one of the first who drew attention to the distinctive features of the songs of Central Kazakhstan or Sary-Arka. It is known that the researcher collected and recorded about 2,300 folk songs and instrumental compositions – Kuys. As a result, on the basis of the collected material two fundamental collections were published: 1000 songs of the Kazakh people in 1925 and 500 Kazakh songs and kuys in 1931» (Tatkenova, Omarova, Kaztuganova, Kuzembay, 2019: 535).

Эрудициясы кең, білім-парасаты мол, ұлт мәдениетін ұлықтауға деген құлшынысы зор Сара Әділгерейқызы қазақ музыкатану ғылымының тарихын сонау көне замандардағы фольклорлық жанрлардағы сарындардан бастап, олардың кейінгі кәсіби қалыптасу кезеңдеріне кеңінен тоқталып, олардың туу, қалыптасу, даму заңдылықтарын сол дәуірдегі дала өнерпаздарының табиғи таланттарымен тамырластыра, туындыларының музыкалық, ноталық, сарындық, әуендік, қасиеттерін қазіргі опера өнерімен байланыстыра отырып, ой тарқатады. Осы тұрғыда әлемдік деңгейдегі этномузыкатанушы ғалымдардың, әсіресе К.Штумпф, Э.Тайлор, ресейлік А.Максимов, К.Квитка, В.Асафьев, Е.Мелетинский, М.Харлап, И.Земцовский, Э.Алексеев, т.б. және өзіміздің көне дәуір өнерін зерттеушілердің, Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, К.Әкішев, А.Медоев, П.Агапова, К.Байпаков, А.Кадырбаев, Т.Сенигова, т.б. еңбектеріне сүйене отырып, өз ғылыми-теориялық тұжырымдарын жасайды.

Олардың отбасылық-дәстүрлік сарынды зерттеу барысында республикамыз бен көрші мемлекеттерде іс-сапарларда, экспедицияларда болып, ел аузынан жинаған көптеген көркем мәтіндерді, оларды айтушылардың әуенін нота арқылы келтіре отырып, әр орындаушының өзіндік өрнегін, өнерпаздық қабілетін, таланттың даралық ерекшеліктеріне мән береді. Мұндай құнды әрі сирек кездесетін ғылыми мәліметтер зерттеудің маңызын арттырады сөзсіз. Ежелден әнші, емші, циркші, өнерші, т.б. сияқты бірнеше қасиеттерді жинақтап, синтездеп, өзіне жүктеп алған бақсының табиғатын «Песнопения бақсы», «Некоторые музыкально-стилистические черты сарынов бақсы», «Лекарственная мелодия бақсы» деген тараушаларында бұрындары белгісіз болып келген Айберген, Ынтық, Шұңқыр, т.б. бақсылардың шығармашылықтарын ғылыми айналымға енгізіп, олардан опералық өнердің элементтерін табады.

Бұл еңбектің және бір құндылығы – талдауға алынған фольклорлық көркем мәтіндер, эпостардан алынған үзінділерді автор өзі орыс тіліне аударып беріп отырады. Мәселен, 111-беттегі жолма-жол аудармасы мағыналық аудармаларының көркемдік сапасы кәсіби тәржімашылардан титтей де кем еместігіне куә боласыз. Оқып көрелік:

«Белде-белде, белде өткен,
Белдің сәнін келтірген.
Қоғалы қара көлде өткен,
Көлдің сәнін келтірген...
В давно минувшие времена
Берега озер украшала
Обильная зелень, а вдоль
Берегов располагались аулы,

(Кузембай, 2006: 123), – деп келетін аудармалар автордың екі тілді теңдей меңгерген, екі тілдің сөз мәйегін таңдай білетін маман екендігін мәлімдесе керек.

Қазақ опера өнерінің бүгінгі хал-ахуалы мен ғылыми мәселелеріне бүгінгі тәуелсіз сана тұрғысынан қарап, еркін оймен өзге де өркениетті елдермен терезесін теңдей етіп талдаған зерттеуші төл мәдениетімізге көп көңіл бөлуді көздеген.

Рухани құндылығымызды құрайтын көне дәуірден келе жатқан салт-дәстүрімізге қатысты ғұрыптық әндер, сахналық көріністер, әртүрлі айтыс жанрларынан өріс алған опералық өнердің жанрлық табиғатын С.Кузембай «Национальная основа жанра оперы в Казахстане» атты мақаласында (Кузембаева, 2002: 204) нақты көркем мәтіндер арқылы анықтап береді. Қазақтың батырлар жырларының сюжеті, композициясы, оқиғаның баяндалуы мен ондағы әрекеттердің орындалуы, кейіпкерлердің жырмен айтысып, диалогқа түсуі, т.б. айналып келгенде дайын операны туғызып тұрғанын, яғни бүгінгідей кәсіби болмаса да, оның алғашқы детальдары барын ғылыми тұрғыдан дәлелдейді. Олардағы сезімдік-эмоционалдық, психологиялық құбылыстары нанымды әрі табиғи берілетіндіктен, театрландырылған көріністер драмалық туындыға өзі сұранып тұрғанын тілге тиек ете отырып, зерттеуші ұлттық операның әлемдік, әсіресе Батыс Еуропа мен Ресейдің классикалық опера өнерінің әсері болғанын да әңгімелейді.

Музыкалық, драмалық, балет, бейнелеу және орындаушылық өнерлердің бәрінен жинақталатын опера өнері қалай болғанда да төл өнеріміздің тарихымен тамырласып жатыр деуге болады. Халықтың бай фольклорлық мұраларымен кеңінен таныс С.Күзембай тарихи, батырлық, романтикалық эпостарының көркем мәтініне сүйене отырып, ұлттық опера өнерінің образдарының бейнеленуі, оларға ортақ тақырып пен сарындардың байланысуы, т.б. жөніндегі мәселелерді зерттейді. Эпикалық поэмалар мен халық әндеріндегі ғасырлар бойы өсу өрісінде болған поэтикалық рухтың опера жанрына да жат еместігін «Ер Тарғын», «Бекет», «Алпамыс», т.б. туындылар арқылы зерттеу нысанына айналған. «Қамбар мен Назым», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ақсақ құлан», т.б. балет өнеріндегі шығармалар негізінде де эпикалық тақырыптың игерілгені мәлім. Мұндай мәселелер ғалымның кейінгі шыққан «Казахская музыка: национальная идея "Мәңгілік ел"» атты монографиясында көрініс тапты (Күзембай, 2017). Бұлардың бәрі бірнеше ғасырлық ғұмыры бар ұлттық рухани қазына-байлығымыздың құндылығын танытады.

Тәуелсіздік алғалы бері жаңаша көзқараспен жазылып, тарихы түгенделіп келе жатқан ұлттық музыкатану ғылымындағы көркемдік ізденістер жайлы ғылыми жобалардың жүзеге асырылуы, осы зерттеулердің негізінде жоғары, орта оқу орындарына арнап оқу құралдарының қайта жазылуы, сөз жоқ, біз үшін зор жетістік.

Сондай-ақ С.Күзембайдың ғылыми жетекшілігімен Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша қазақ музыкатану ғылымының тарихында тұңғыш рет 8 кітаптан тұратын «Қазақ музыкасының Антологиясы» жазылып, ұлттық құндылықтар қатарын көбейтті. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыкатану бөлімінің ғылыми қызметкерлері мен Қазақ ұлттық консерваториясының ғылыми-педагогика ұжымы бірлесе шығарған бұл күрделі еңбек Сара Әділгерейқызының білгір басшылығының, жақсы ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында өмірге келгені белгілі. 2012-2015 жылдарға «Претворение идеи независимости в традиционной музыке и композиторском творчестве» деген тақырыпта ғылыми жоба алып, қазіргі кезеңдегі музыка өнерінің өзекті мәселелерін қарастыруды күн тәртібіне қойды.

Қазақ халқы тумасынан талантты, өнерлі халық бола тұра ұлт мамандарын даярлауда өзіне жетерлік өкініштері мен тосқауылдары болғаны белгілі. Ұлы Отан соғысы кезінде Мәскеу, Ленинград, т.б. Ресейдің ірі ғылыми, мәдени орталықтарынан жер аударылып келген мамандар жергілікті халық өкілдерінен кадр даярлауға көңіл бөле қоймады. Оның себебі, біріншіден, кандидаттық, докторлық диссертациялық кеңестердің елімізде болмауы және өзге елде қорғаудың қиындығы болды. «Кісідегінің кілті аспанда» болатыны бесенеден белгілі. Тек егемендікке ие болған соңғы 20 жылда ғана жасанды түрде жіберілмеген ғылыми жұмыстарға жан бітіп, сең қозғалды. Сара Әділгерейқызының кандидаттық диссертациясы Евгений Брусиловскийдің шығармашылығындағы алғашқы операның теориялық негіздерін зерттеген бірінші ғылыми жұмыс болатын (1971). 2009 жылы қорғаған «Национальные художественные традиции и их конвергентность в жанре казахской оперы» деген докторлық диссертациясында қазақтың бал бесіктен жер бесікке аттанғанға дейінгі салт-дәстүріміздің, фольклордың шағын жанрларынан опералық және сахналық өнердің элементтерін іздеп, соны дәлелдеген тұңғыш зерттеу болды.

Өнермен өсіп, өрістеген халықтық ерекшелікті музыканың ұлттық сипатынан іздеген зерттеуші мысал ретінде ұлы ақын Абайдың ешқандай музыкалық сауаты болмай-ақ, 13 номерден тұратын Пушкиннің «Евгений Онегин» мәтініне жазылған әнді операның ең озық үлгісі деп тұжырым жасайды. Олай болса, қазақ операсының тамыры тереңде екендігін тұңғыш рет зерттеліп, ұлттық мәдениетіміздің көп салалы тарихи-теориялық мәселелері ғылыми айналымға енді.

Республикамыздағы бірден-бір музыкатанушы әрі осы саланың білгір кәсіби маманы болғандықтан, ол еліміздегі барлық ЖОО-ның музыкатану пәніне арнап оқулықтар жазуға белсене араласты. Бұл саланың мамандары аз әрі орыс тілді болғандықтан, екі тілді теңдей меңгерген Сара Әділгерейқызы қазақ мәдениеті тарихында тұңғыш рет «Қазақ музыкасының тарихынан дәрістер» (Күзембай, Егінбаева, 2011) атты көлемді оқу құралын қазақ тілінде жарыққа шығарды. Оқулықтағы «Қазақ халқының рухани мәдениетінің көне ескерткіштері», «Қазақ даласының ұлы ғұламалары», «Көне фольклорлық сарын», «Қазақ халқының ән-жыр өнері», «Қазақтың жазба дәстүрлі кәсіби музыкалық өнерінің және Қазақстанның композиторлық мектебінің қалыптасуы», «Қазақ операсының фольклорлық бастаулары», «Қазақстан сазгерлерінің шығармашылығындағы камералық-вокалдық цикл жанры», «XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан сазгерлерінің шығармашылығы», «Қазақстандық музыкатану ғылымы», т.б. дәріс атаулары бір-бір монографиялық зерттеулерге жүк боларлық өзекті мәселелер екені белгілі. Осыншама мол ғылыми ақпарат беретін оқулық, сөз жоқ, студенттер мен магистрлерге, оқытушы мамандарға күнделікті қолданатын еңбек болары сөзсіз.

С.Ә.Күзембайдың республикамыздағы ұлттық музыкалық кадрларды қалыптастырып, тәрбиелеудегі еңбегі де ерекше. Атап айтар болсақ, кешегі диссертациялық кеңестер жабылғанға дейін танымал тәлімгер 20-ға жуық ізденушіге жетекшілік (кандидаттық диссертация) етті. Бүгіндері есімдері елге танымал Халық артистері, көптеген талантты өнерпаздар, музыкатанушы ғалымдар, республикамыздың барлық ЖОО-ғы музыка пәнінің ұстаздары – Сара Әділгерейқызының шәкірттері. Бұлардың бәрі ұстаз еңбегінің жемісі.

5. Қорытынды

«Жаныңда жүр жақсы адам» демекші, адам бақытының өзі жанындағы жақсы адамдардың жылуын сезіну, мейірім-шапағатын көру емес пе?

Кейде бүкіл болмысымен бейтарап отырып та, белгісіз болып жүріп те жан-жағына шуағын шашып, ізгілік нұрын тарататын, сонысымен сүйкімді болып, өзіне тартатын тұлғалар болады. Олар пұлын сен үшін оңды-солды шашпаса да, сені сүйреп төрге отырғызбаса да, қарапайым қасиетімен-ақ шынайы пейілімен тілектес болып, тура бағытқа сілтеп, өмірдің түрлі белестерінде бөтен жолға түспеуіне, бағытыңды дұрыс таңдауына себепкер болатыны бар. Біздің ойымызша, сондай жанның бірі де осы Сара Әділгерейқызы сияқты. Өйткені «мәдениет деген ұлтынды өліп-өшіп сүйю», – деп Жүсіпбек Аймауытовтың айтқанындай, ұлттық мәдениетіміздің көп салалы тарихи-теориялық мәселелерін зерттеуге ғұмырын арнаған ғалым, ұлағатты ұстаз Сара Әділгерейқызы Күзембай шын мәніндегі ұлтын сүйген, оның өнерін сүйген жанның бірі деуге жоғарыда аталған еңбектері дәлел болса керек-ті.

Әдебиеттер:

1. Әсемдікті әспеттеу – мәңгілік рухани құндылық: ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, өнертану ғылымдарының докторы, профессор С.Ә.Күзембайдың туғанына 85 жыл толуына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (24-ақпан 2022 жыл). – Алматы, 2022. – 496 б.
2. Kaztuganova A., Omarova A., Kasimova Z., Turmagambetova B., Kuzembay S. (2019) Kazakh music in the global context // *Utopia y Praxis Latinoamericana*; ISSN 1315-5216; ISSN-e 2477-9555 Año 24, n° Extra 5, pp. 90-102.
3. Khasyanova T. (2016) Kazakh musical culture as a way of preserving the national identity// *European research*. – P.78-80.
4. Копытман М.Р. Об известном ученом-музыковеде Сара Күзембай // Күзембай С.Ә. «Ұлттық музыкатану ғылымының өзекті мәселелері: таңдамалы зерттеулер мен мақалалар» (75 жылдық мерейтойына арналған). – Алматы: «Құс жолы», 2012. – С.26-28.
5. Kuzembay S. (2016) The genre «Bata» in the traditional folklore music of kazakh's people // *Materials of International Scientific and Practical Conference «World science» № 9(13), Proceedings of the IInd International Scientific and Practical Conference «New Opportunities in the World Science*. – Abu-Dhabi, UAE. Vol.3, September. – P.55-61.
6. Күзембай С. Национальные художественные традиции и их конвергентность в жанре казахской оперы: Монография. – Алматы. 2006. – 380 с.
7. Күзембай С. Казахская музыка: национальная идея «Мәңгілік ел». – Алматы: Ғылым ордасы, 2017. – 480 с.
8. Күзембай С., Егінбаева Т. Қазақ музыкасының тарихынан дәрістер. – Астана. 2011. – 525 б.
9. Құндақбаев Б. Мұхтар Әуезов және ұлттық өнер // «Мұхтар мұрасы. Наследие Мухтара: Ғылыми мақалалар мен зерттеулер. Құраст.: Ш.Ыбыраев, С.Қорабаев. – Алматы: Қазақстан. 1997. – 352 б.
10. Omarova A., Kaztuganova A., Sultanova A., Tatkenova S., Kdyniyazova Z. (2020) M.O. Auezov and Musical Art of Kazakhstan in the Coordinates of the Global World // *Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities*. – Vol. 12. No. 5, 1-14.
11. Омарова А. Творческое наследие М.О. Ауэзова и проблемы самоидентификации. *Keruen*, 78(1) 2023. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.1-16> – С.175-189.
12. Ордалиева Ж. Мир музыки в романе «Путь Абая» // «Мұхтар мұрасы. Наследие Мухтара: Ғылыми мақалалар мен зерттеулер. (Құраст.: Ш.Ыбыраев, С.Қорабаев. – Алматы: Қазақстан. 1997. – 352 с.
13. Пірәлиева Г. Зерделі Зерттеуші // *Казахская музыка: национальная идея «Мәңгілік ел»*. – Алматы: Ғылым ордасы, 2017. – Б. 397-402.
14. Трёмбовельский Е. О глубоко уважаемой коллеге Сара Адильгереевне – музыковеде, педагоге и пропагандисте национальной культуры // Күзембай С.Ә. Ұлттық музыкатану ғылымының өзекті мәселелері: таңдамалы зерттеулер мен мақалалар (75 жылдық мерейтойына арналған). – Алматы: «Құс жолы», 2012. – С.28-30.
15. Tatkenova Sh., Omarova A., Kaztuganova A., Kuzembay S. (2019) Traditional musical culture of kazakhstan at the turn of the centuries // *Opción*, Año 35, Regular No.21. pp. 531-546.

References:

1. Kaztuganova A., Omarova A., Kasimova Z., Turmagambetova B., Kuzembay S. (2019) Kazakh music in the global context // *Utopia y Praxis Latinoamericana*; ISSN 1315-5216; ISSN-e 2477-9555 Año 24, n Extra 5, pp. 90-102. (in Eng)
2. Khasyanova T (2016) Kazakh musical culture as a way of preserving the national identity// *European research*. P.78-80. <https://cyberleninka.ru/article/n/kazakh-musical-culture-as-a-way-of-preserving-the-national-identity> (in Eng)
3. Kopytman M.R. (2012) About the famous musicologist Sara Kuzembay // S.A.Kuzembay “Actual Problems of National Musicology: Selected Studies and Articles” (Dedicated to the 75th anniversary). – Almaty: «Kys zholy». – pp. 26-28. (in Russ.)

4. Kuzembay S. (2016) The genre «Bata» in the traditional folklore music of kazakh's people // Materials of International Scientific and Practical Conference «World science» № 9(13), Proceedings of the IInd International Scientific and Practical Conference «New Opportunities in the World Science. – Abu-Dhabi, UAE. Vol.3, September. pp.55-61. (in Eng)
5. Kuzembay S. (2006) National Artistic Traditions and Their Convergence in the Genre of Kazakh Opera: Monograph. – Almaty. – 380 p. (in Russ.)
6. Kuzembay S. (2017) Kazakh music: national idea “Mangilik el”. – Almaty: Gylym ordasy. – 480 p. (in Russ.)
7. Kuzembay S., Eginbaeva T. (2011) Lectures on the history of Kazakh music. – Astana. – 525 p. (in Kaz.)
8. Kundakbaev B. (1997) Mukhtar Auezov and national art // “Mukhtar’s legacy: Scientific articles and research”. Compilers: Sh.Ybyraev, S.Қorabaev. – Almaty: Kazakhstan. – 352 p. (in Kaz.)
9. Omarova A., Kaztuganova A., Sultanova A., Tatkenova S., Kdyrniyazova Z. (2020) M.O.Auezov and Musical Art of Kazakhstan in the Coordinates of the Global World // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities. – Vol. 12. No. 5, 1-14. (in Eng.)
10. Omarova A. (2023) The creative heritage of M.O. Auezov and the problems of self-identification. The scientific journal «Keruen», 78(1). <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.1-16> pp.175-189. (in Russ.)
11. Ordaliev Zh. (1997) The world of music in the novel “The Way of Abay” // “Mukhtar’s legacy: Scientific articles and research”h. Compilers: Sh.Ybyraev, S.Қorabaev. – Almaty: Kazakhstan. – 352 p. (in Russ.)
12. Singing the beautiful – eternal spiritual values (2022). Proceedings of the International Scientific and Practical Conference dedicated to the 85th anniversary of Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Arts, Professor S.A.Kuzembay (February 24, 2022). – Almaty. – 496 p. (in Kaz., in Russ.)
13. Piralı G. (2017) Smart Researcher // Kazakh music: national idea “Mangilik el”. – Almaty: Gylym ordasy. pp. 397-402. (in Kaz.)
14. Trembovelsky E. (2012) About a highly respected colleague Sarah Adilgereevna – a musicologist, teacher and propagandist of national culture // Kuzembay S.A. “Actual Problems of National Musicology: Selected Studies and Articles” (Dedicated to the 75th anniversary) – Almaty: «Kys zholy». pp. 28-30. (in Russ.)
15. Tatkenova Sh., Omarova A., Kaztuganova A., Kuzembay S. (2019) Traditional musical culture of kazakhstan at the turn of the centuries // Opción, Año 35, Regular No.21: 531-546. (in Eng.)